



Magjan juldzy

6+

Мағжан Жұмбаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 39 (890) 1 қазан 2025 жыл

www.facebook.com/Magzhan_zhuldizi

https://vk.com/Magzhan_zhuldizi

e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

ЖҰМЫС САПАРЫ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ҚАЗАН АЙЫНДА ҚАНША КҮН ДЕМАЛАДЫ?



Қазан айында демалыс күндері мен мерекені қоса алғанда 9 күн демалыс бар.

Қазақстанда 25 қазанда Республика күні аталып өтеді. Бұл мереке 2025 жылы сенбі күніне сәйкес келеді. Сондықтан ол күннің демалысы 27 қазан, дүйсенбіге ауыстырылады.

Осыған байланысты 5 күндік жұмыс кестесімен еңбек өтетін қазақстандықтар қатарынан үш күн – 25, 26 және 27 қазан күндері демалады.

Айта кетейік, қазан айында демалыс күндері мынадай болады:

- 4, 5 қазан (сенбі, жексенбі);
 - 11, 12 қазан (сенбі, жексенбі);
 - 18, 19 қазан (сенбі, жексенбі);
 - 25, 26, 27 қазан (сенбі, жексенбі, дүйсенбі).
- Сондай-ақ, қазан айында кәсіби және өзге де мерекелер – ұлттық және мемлекеттік мерекелер мәртебесі берілмеген, азаматтардың жекелеген саяси қозғалыстары атал өтетін мерекелер бар.
- Кәсіби мерекелер демалыс күндері болып табылмайды.
- 5 қазан – Мұғалімдер күні
 - 6 қазан – Қорғаныс өнеркәсібі қызметкерлері күні
 - 10 қазан – Қазақстан кәсіптік одақтарының күні
 - 19 қазан – Құтқарушы күні
 - 19 қазан – Орман шаруашылығы қызметкері күні (қазанның үшінші жексенбісі)
 - 24 қазан – Кітапханашы күні
 - 26 қазан – Әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлері күні (қазанның соңғы жексенбісі)
 - 29 қазан – Күзет ұйымдарының қызметкерлері күні

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ЖҰМЫС САПАРЫМЕН АУДАНҒА КЕЛДІ



27 қыркүйек күні облыс әкімінің орынбасары Нұрлан Кеңесов жұмыс сапарымен Мағжан Жұмбаев ауданына келді.

Сапар барысында НПС кентіндегі блокты-модульді қазандықтың жұмысы мен Булаев қаласындағы НПС көшесі бойындағы жылу трассасының жөндеу жұмыстарымен танысты. Сондай-ақ ол Булаев қаласындағы Чехов көшесін реконструкциялау барысын көріп, кезекте тұрған адамдар үшін салынып жатқан тұрғын үйлердің құрылысын аралады.

Облыстағы құрылыс, сәулет-құрылыс бақылауы және лицен-

зиялау, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мәселелерге жетекшілік ететін Нұрлан Кеңесов аудан әкімдігінің мәжіліс залында жұмыс кеңесін өткізіп, онда мүдделі орган басшыларымен сұрастыруларын алдын алу шаралары, аудандағы әртүрлі деңгейдегі жолдарды жөндеу, сумен қамтамасыз ету сұрақтары қарастырылды. Сонымен қатар, бұл күні Нұрлан

Маратұлы Қарақоға ауылындағы дөрігерлік амбулаторияға барып, дөрігерлердің жұмыс жағдайымен және ауыл тұрғындарына алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетуімен танысты.

Сапар соңында облыс әкімінің орынбасары Ресей Федерациясымен шекарада орналасқан «Қарақоға» автомобиль өткізу пунктінде болып, шекара нысанының қызметін, автокөлік ағымын, жұмыс режимін сұрап білді.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУ

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ЖӘРМЕКЕСІНЕ ШАҚЫРАМЫЗ!



ҚҰРМЕТТІ МАҒЖАН ЖҰМБАЕВ АУДАНЫ МЕН БУЛАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫ!

Сіздерді Қарттар күніне арналған ауыл шаруашылық жәрмеңкесіне шақырамыз!

Өтетін күні: 5 қазан 2025 жыл
Уақыты: сағат 10:00

Өтетін орны: Булаев қаласы, теміржол вокзалының алаңы
Бағдарламада:

- Мерекелік концерт, қол күрес жарысы, ыстық бауырсақ пен шай.
 - Жәрмеңкеде кең ассортименттегі ауыл шаруашылығы өнімдері болады.
 - Жылқы еті, қой еті, сиыр еті, шошқа еті, құс еті, балық;
 - Көкөністер, жарма өнімдері, сүт және қышқыл сүт өнімдері, табиғи бал;
 - «Солтүстік» ӘКК өнімдері сатылады.
- Келіңіздер! Сіздерді сапалы өнім, көңілді атмосфера мен жылы ықылас күтеді! Баршаңызды жәрмеңкеде асыға шақырамыз!

ҚАРТТАРЫМЫЗ – ҚАЗЫНАМЫЗ



1 қазан
Халықаралық
Қарттар күні!

Құрметті аға буын өкілдері!

Сіздерді Халықаралық қарттар күнімен шын жүректен құттықтаймын! Аға буынның тәуелсіз мемлекетіміздің қалыптасуына, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, бейбітшілікті, қоғамдағы ұлтаралық және конфессияаралық келісімді нығайтуға қосқан үлесін ерекше атап өткім келеді. Өскелең ұрпақ үшін сіздер борышқа адалдықтың, Отанға деген сүйіспеншіліктің, жеңіске деген өшпес ерік-жігердің үлгісісіздер!

Сіздер ерқашан құрметке лайықсыздар. Барлық уақытта адамзат үшін қарттардың даналығы жастар үшін баға жетпес байлық болып табылады.

Мағжан Жұмбаев ауданының ардагерлері бүгінгі күні де өз өмірлік ұстанымына адал болып қала береді – ерқашан басты істердің шыңынан көрініп, өзінің бай өмірлік тәжірибесі мен еңбек дәстүрлерін жас ұрпақ бойына сіңіріп келеді.

Құрметті аға ұрпақ өкілдері! Осынау айтулы мерекемен құттықтай отырып, Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық және белсенді ұзақ ғұмыр тілеймін.

Оралбай САҒЫНДЫҚОВ,
аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Аудан әкімдігінің отырысы

СПОРТ ПЕН АУЫЛ АУМАҚТАРЫН ДАМУ - БАСТЫ МІНДЕТ



30 қыркүйек күні аудан әкімі Рахат Смағұловтың төрағалығымен кезекті әкімдік отырысы өтті.

Күн тәртібінде аудан аумағында дене шынықтыру және спортты дамыту, «Ауылды дамыту» бағдарламасын іске асыру барысы жайлы мәселелер қаралды.

Бірінші сұрақ бойынша аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Қанат Мұсатаев баяндама жасады.

Екінші мәселе бойынша экономика және қаржы бөлімінің басшысы Азамат Қыраубаев сөз сөйледі.

Отырыс қорытындысы бойынша Рахат Назымбекұлы әр бағыт бойынша тиісті органдарға міндеттер жүктеп, бұл сұрақтарды бақылауда ұстауды тапсырды.

Сондай-ақ аудан басшысы жастармен және ұлттық спорт түрлерімен жұмысты күшейту, спорттық турнирлер мен бұқаралық іс-шараларды өткізу, аудандық жарыстарға белсенді қатысу, жөндеу және абаттандыру жоспарларын орындауды қамтамасыз ету, бюджеттен тыс қаражат тартуды жандандыру, жоспарларды нақты мүмкіндіктерге сәйкес қайта қарау, жергілікті деңгейде жұмысты күшейту, жобалардың тиімділігін арттыру және қосымша ресурстар тарту бойынша жауапты бөлімдерге тапсырмалар берді.

Осы күні Мағжан Жұмабаев ауданының әкімі Рахат Смағұлов азаматтарды жеке қабылдады.

Қабылдау барысында әлеуметтік қолдау, жұмыспен қамту, тұрғын үй жағдайы және жекелеген санаттағы азаматтардың құқықтарын қамтамасыз етуге қатысты өтініштер айтылды.

Әрбір өтініш мұқият қаралып, салалық бөлімдер мен қызметтерге нақты тапсырмалар жүктелді.

ХАБАРЛАМА

№ 10 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының шығып қалған депутатының орнына сайлау бойынша 2025 жылғы 25 қыркүйекте округтік сайлау комиссиясының отырысы өтті.

Округтік сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 104 бабына сәйкес келіп түскен құжаттарды қарап, № 10 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының депутаттығына кандидат ретінде тіркеді:

- Ыбыраева Гүлден Рамазанқызы, 1996 жылы туған, Булаев қаласында тұрады, уақытша жұмыс істемейді, өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған;

- Олонова Татьяна Владимировна, 1984 жылы туған, Октябрьское ауылында тұрады, орыс тілі және әдебиеті мұғалімі, өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған.

№ 10 округтік сайлау комиссиясы.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ № 10 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ШЫҒЫП ҚАЛҒАН ДЕПУТАТЫНЫҢ ОРНЫНА КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (2025 ЖЫЛҒЫ 26 ҚАЗАНДАҒЫ САЙЛАУ)

2025 жылғы 30 қыркүйектегі сағат 18.00-дегі жағдай бойынша

| № р/н | Аты, әкесінің аты, тегі | Туған жылы | Атқаратын лауазымы, жұмыс орны мен тұрғылықты жері | Кім ұсынды немесе өзін-өзі ұсыну |
|-------|------------------------------|------------|--|-------------------------------------|
| 1 | Олонова Татьяна Владимировна | 1984 | Орыс тілі және әдебиеті мұғалімі, Октябрь орта мектебі, Октябрьское ауылында тұрады | Өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған |
| 2 | Сматов Қайнолла Тоқаұлы | 1964 | Жауапты хатшы, «AMANAT» Партиясы» ҚБ Мағжан Жұмабаев аудандық филиалы, Булаев қаласында тұрады | «AMANAT» Партиясы» ҚБ ұсынылған. |
| 3 | Ыбыраева Гүлден Рамазанқызы | 1996 | Уақытша жұмыссыз, Булаев қаласында тұрады | Өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған |

№ 10 округтік сайлау комиссиясы.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТЫНЫҢ 2025 ЖЫЛДЫҢ ТӨРТІНШІ ТОҚСАНЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

| Т.А.Ә. | Қабылдау күні, уақыты | Қабылдау орны |
|-----------------------|---|---|
| Кляйн Николай Юрьевич | Әр айдың екінші сейсенбісі, сағ. 11.00 бастап 13.00 дейін | Булаев қ., Юбилейная к-сі, 56 үй, аудандық мәслихат, мәслихат төрағасының кабинеті, алдын ала жазылу 8 (715-31) 2-19-96 телефоны арқылы |

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ 2025 ЖЫЛДЫҢ ТӨРТІНШІ ТОҚСАНЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

| № | Т.А.Ә. | Қабылдау күні, уақыты | Қабылдау орны |
|----|---------------------------------|--|--|
| 1 | Рахметова Айзада Нұрланқызы | Әр айдың екінші жұмасы, сағ. 15.00 бастап 18.00 дейін | Булаев қ., Юбилейная к-сі, 56, аудандық мәслихат, мәслихат төрағасының кабинеті |
| 2 | Баранов Юрий Олегович | Әр айдың үшінші сәрсенбісі, сағ. 10.00 бастап 12.00 дейін | Булаев қ., Юбилейная к-сі, 56, аудандық мәслихат, мәслихат төрағасының кабинеті |
| 3 | Бәкіров Ермек Жәңгірұлы | Әр айдың бірінші сәрсенбісі, сағ. 10.00 бастап 12.00 дейін | Булаев қ., Юбилейная к-сі, 56, аудандық мәслихат, мәслихат төрағасының кабинеті |
| 4 | Шәрімов Нұржанат Сабырұлы | Әр айдың екінші бейсенбісі, сағ. 10.00 бастап 12.00 дейін | Булаев қ., Юбилейная к-сі, 56, аудандық мәслихат, мәслихат төрағасының кабинеті |
| 5 | Крот Олег Степанович | Әр айдың бірінші дүйсенбісі, сағ. 10.00 бастап 13.00 дейін | Бастомар а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті сағ. 10.00-11.00; Александровка а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 12.00-13.00; Возырьшенка а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 14.00-15.00 |
| 6 | Хайдарова Жәния Абайқызы | Әр айдың бірінші дүйсенбісі, сағ. 10.00 бастап 13.00 дейін | Қарақоға а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті |
| 7 | Елубаев Сатыбек Фазылулы | Әр айдың екінші сейсенбісі, сағ. 10.00 бастап 13.00 дейін | Надежка а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті сағ. 10.00-11.00; Чистовское а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті сағ. 12.00-13.00 |
| 8 | Сағындықова Гүлбану Төлегенқызы | Әр айдың соңғы сәрсенбісі, сағ. 12.00 бастап 17.00 дейін | Қонохов а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 12.00-13.00; Октябрьское а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 14.00-15.00; Лебяжье а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 16.00-17.00 |
| 9 | Сералинов Алмас Уәлиұлы | Әр айдың екінші сейсенбісі, сағ. 10.00 бастап 15.00 дейін | Таманское а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 10.00-11.00; Молодогвардейское а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 12.00-13.00; Ұзынкөл а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 14.00-15.00 |
| 10 | Сапаров Әлібек Әнуарбекұлы | Әр айдың екінші сәрсенбісі, сағ. 10.00 бастап 13.00 дейін | Бәйтерек а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 10.00-11.00; Полудино а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті сағ. 12.00-13.00 |

ЕҢБЕК КҮНІ



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚ ИЕЛЕРІ ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ

Қазақстанда «2025 жыл - Жұмысшы мамандықтар жылы» болып жарияланғаны белгілі. Бұл еңбек адамының айрықша рөлін айқындайды. Дәл еңбекқорлық, жауапкершілік пен кәсібіне адалдық қоғам дамуының негізін құрайды және ескеңе ұрпаққа азаматтық енегенің үлгісі болып табылады.

- Бұл мереке – жасампаздықтың, жауапкершіліктің және бірліктің символы, әрбір адамның адал да абыройлы еңбегінің маңыздылығын мойындау болып табылады. Дәл сіздердің күнделікті еңбектеріңіздің арқасында – ауыл шаруашылығында, өнеркәсіпте, білім беру мен денсаулық сақтау сала-

Мағжан Жұмабаев ауданында аудан әкімі Рахат Смағұловтың қатысуымен Еңбек күніне арналған салтанатты жиын өтті.

сында және басқа да бағыттарда – ауданымыз бен еліміздің берік іргетасы қаланып, дамуы қамтамасыз етілуде. Мемлекет басшысы атап өткендей, «еңбек ерқашан қоғам дамуы мен әуақатының басты қайнар көзі болып қала береді». Біз сіздермен мақтанамыз және әрбір аудан тұрғынының бастамаларын қолдап, әлеуетін ашу үшін тімді әрі қауіпсіз еңбек етуге барлық жағдай жасаудамыз.

Ауданымызда мыңдаған мамандар, жұмысшылар мен қызметкерлер еңбек етіп, өз шеберлігімен, табандылығымен

және кәсіби біліктілігімен ортақ іске зор үлес қосып келеді. Сіздердің арқаларыңызда маңызды жобалар жүзеге асырылып, экономика нығайып, халықтың әл-ауқаты артып келеді. Сіздерге шын жүректен мықты денсаулық, бақыт, кәсіби табыстар мен жаңа жетістіктер тілеймін! Еңбектеріңіз ерқашан суранысқа ие болып, лайықты бағалансын, әр күніңіз қуаныш пен ертеңгі күнге сенімділік сыйласын, - деді Рахат Смағұлов құттықтау сөзінде.

Іс-шара барысында ардагерлер қозғалысы, білім беру, денсаулық

сақтау, журналистика, орман шаруашылығы және кәсіби білім беру жүйесінің өкілдері де сөз сөйлеп, өз сөздерінде ерен еңбектің, жауапкершілік пен адалдықтың ауданның дамуы мен жас ұрпақты тәрбиелеудегі маңызын атап өтті. Шынында да, әр салада қажырлы жұмыс жасап жүрген бүгінгі күннің еңбеккерлері жастарға үлгі-өнеге.

Сонымен қатар, мереке аясында ауданның өртүрлі саладағы еңбек ұжымдарының үздік өкілдеріне құрмет көрсетіліп, марапатталғандар еңбектегі жетістіктері мен өнірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлестері үшін лайықты бағасын алды.

ЕҢБЕК АДАМЫ – МЕМЛЕКЕТТІҢ ТІРЕГІ

Мені зор мереке

Мерекеңіз негізгі мақсаты – түрлі саладағы жұмысшылардың ел экономикасын дамытуға қосқан үлесін мойындау және еңбек мәдениетін қалыптастыру. Бұл күн – жастарды еңбекқорлыққа баулып, кәсіби біліктілікті арттырудың, сондай-ақ еңбек адамының мәртебесін көтерудің ерекше белгісі.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректеріне сәйкес, қазіргі таңда елімізде 4,7 миллионнан астам азамат жұмысшы мамандықтарында еңбек етіп жүр. Олар – құрылысшылар, металлургия, ауыл шаруашылығы қызметкерлері, ұстаздар, медицина мамандары, энергетиктер және басқа да еңбек майдандағы.

Қазақстандағы Еңбек күнінің шығу тарихы

Бұл мерекені енгізу бастамасы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына айтарлықтай үлес қосып жүрген еңбек адамдарының мәртебесін көтеру мақсатында көтерілді.

2013 жылы Қазақстан Республикасының Президенті арнайы Жарлыққа қол қойып, Еңбек күнін ресми түрде бекітті. Осыдан кейін мереке жыл сайын мемлекеттік деңгейде аталып келеді. Оның басты идеясы – қарапайым жұмысшы мамандық иелерінің қоғамдағы рөлін айқындау және жастарға еңбекке адалдық, кәсіби шеберліктің қадір-қасиетін дәріптеу.

Бұл күн тек ресми дата ғана емес, сонымен бірге:

- еңбек адамының ел дамуына қосқан үлесін мойындау;
- өндіріс, құрылыс, ауыл шаруашылығы және қызмет көрсету саласында еңбек етіп жүрген мамандарға құрмет көрсету;
- жас ұрпаққа еңбек мәдениетін насихаттау;
- жұмысшылар өулеттерінің дәстүрін сақтап, еңбек өулеттерін дәріптеу мақсатында да ұйымдастырылады.

Еңбек күні мерекесі еңбек құндылығын арттыруға, әлеуметтік әділеттілік пен қоғамдағы теңдікті нығайтуға ықпал етеді.

Қазақстанда қыркүйектің соңғы жексенбісі Еңбек күні ретінде аталып өтеді. Бұл мереке 2013 жылы Мемлекет басшысының Жарлығымен белгіленіп, жыл сайын елімізде еңбек адамының қоғамдағы орны мен рөлін дәріптеуге арналған маңызды дата ретінде кеңінен аталып келеді.



Халықаралық деңгейдегі мереке

Еңбек күні немесе Халықаралық жұмысшылар күні көптеген мемлекетте 1 мамырда аталып өтеді. Бұл айтулы күн XIX ғасырдың соңында АҚШ-та басталған жұмысшылар қозғалысынан кейін бекітілді. Бүгінде 80-нен астам мемлекет бұл күнді ресми мемлекеттік мереке ретінде атап өтеді.

АҚШ және Канада
АҚШ-та Еңбек күні (Labor Day) қыркүйектің алғашқы дүйсенбісінде тойланады. Бұл күн жазғы маусымның аяқталуы мен жаңа еңбек маусымының басталуын білдіреді. Канадада да дәл осы күні аталып өтеді. Әдетте шерулер, отбасылық мерекелер, спорттық жарыстар ұйымдастырылады.

Еуропа елдері
Германия, Франция, Италия, Испания сияқты елдерде Еңбек күні – 1 мамырда

ресми демалыс. Көшелерде шерулер, бейбіт акциялар, мәдени шаралар өтеді.

Францияда дәстүрлі түрде 1 мамырда халық бір-біріне «пилья гүлін» сыйлайды, ол – еңбекке құрмет пен ынтымақтың белгісі.

Азия елдері
Қытайда 1 мамыр – «Халықаралық еңбек күні» деп аталып, бірнеше күндік демалыс жарияланады. Бұл уақытта саяхаттау, туыстарға қонаққа бару дәстүрге айналған. Жапонияда еңбекке қатысты ерекше мерекелер бар. Олар «Алтын апта» кезеңінде өтетін мерекелермен байланыстырылған. Жапондар еңбеккерлікті ұлттық құндылық ретінде дәріптейді.

ТМД кеңістігі
Қазақстан, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан және басқа да елдерде Еңбек күні немесе 1 мамыр – «Қазақстан халқының бірлігі күні»

сөкілді мемлекеттік мерекелермен астасып келеді.

Әдетте бұл күнде еңбек өулеттері марапатталады, түрлі саланың үздік қызметкерлеріне құрмет көрсетіледі.

Мемлекеттік қолдау
Үкімет еңбек адамын әлеуметтік тұрғыдан қорғауға ерекше назар аударып отыр. Қауіпті және зиянды еңбек жағдайындағы қызметкерлерге міндетті кәсіби зейнетақы жарналары қарастырылған.

Ерекше еңбек жағдайында жұмыс істейтіндерге ертерек зейнетке шығу мүмкіндігі енгізілген.

“Жұмысшы мамандықтар жылы” аясында техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін трансформациялау, заманауи еңбек нарығы талаптарына сай маман даярлау қолға алынған.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова да мерекенің маңызды екеніне айтып келеді.

- Еңбек адамы – мемлекеттің тірегі. Біздің басты міндетіміз – олардың әлеуметтік құқықтарын қорғау, лайықты жағдай жасау. Қауіпті өндірісте жұмыс істейтіндерге қосымша жеңілдіктер қарастырылып отыр. Бұл еңбек адамының қоғамдағы мәртебесін арттыруға бағытталған нақты қадамдар, - деді министр.

Статистика не дейді?
2025 жылдың бірінші жартыжылдығында Қазақстанда еңбек өнімділігі 3,5%-ға артқан.

Өнеркәсіп саласында еңбек өтетіндер – 1,2 млн адам, ауыл шаруашылығында – 1 млн-нан астам, ал құрылыс саласында – 600 мыңға жуық жұмысшы бар.

Бүгінде еңбек қауіпсіздігін сақтау үшін 627 мыңнан астам қызметкерге жұмыс берушілер міндетті кәсіби зейнетақы жарналарын аударып отыр.

Еңбек күні – тек кәсіби мереке ғана емес, елдің экономикалық дамуының негізін қалап отырған қарапайым жұмысшыларға құрмет көрсету күні.

Бұл мереке – еңбек етудің абырой екенін, еңбектің өленбей қалмайтынын айғақтайды.

АУДАН ӘКІМІ ҚАРТТАР КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ



Қарттар күні – мейірім мен шуаққа толы айтулы күн. Бұл күні біз қарттарымызға деген қамқорлығымыз бен құрметімізді барынша тағы бір мәрте көрсетуге, ерекше ілтипат танытуға тырысамыз. Өскелең ұрпақ үшін әр салада өзіндік қолтаңбасын қалдырған көнекез қарияларымыздың орны ерекше. Аталмыш мерекенің мәні де осында жатса керек.

Үлкенді сыйлау, оларға лайықты құрмет көрсету - ата-бабадан келе жатқан салтымыз. Олардың өмірлік тәжірибелері мен ақыл-кеңестері, тәлім-тағалымдарының орны бөлек. Себебі, әрқайсыларының облыстың өсіп-өркендеуіне қосқан

үлестері мен еңбектері ерен. Талай жасты тәрбиелеп, ізбасарларды өсірді. Бүгін, еңбектерінің зейнетін көріп отырған шақта да ұрпақтарына игілік пен ізгіліктің, лайым-парасаттың үлгісін танытудан жалыққан емес.

Аға буын өкілдеріне құрмет көрсету мақсатында аудандық Мәдениет үйінде салтанатты шара болып өтті. Аудан әкімі Рахат Смағұлов сахна төріне көтеріліп, мағжандық қарияларды мерекемен құттықтады.

- Елдің, өңірдің, ауылдың дамуына қосқан сіздердің үлестеріңіз - баға жетпес қазына. Мемлекет қарттарды әлеуметтік қолдаудың жүйелі шараларын іске асыруда,

оның ішінде зейнетақы мен әлеуметтік төлемдерді арттыру, басым медициналық қызмет көрсету, тегін профилактикалық тексерулер, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, патронаж қызметі. Бүгінде біздің ауданда 4977 зейнеткер тұрады. Олардың қатарында өз өмірін адал еңбекке арнаған және ауданымыздың дамуына елеулі үлес қосқан құрметті еңбек ардагерлері бар. Олар өздерінің кәсібилігімен, адалдығымен және адалдығымен шынайы құрметке ие болған жандар.

Ардақты ақсақалдар мен ақ жаулықты аналар! Сіздер - біздің халқымыздың алтын

қазынасысыздар. Шын жүректен зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, жан тыныштығы мен отбасы жылуын тілеймін.

Шаңырақтарыңызда әрдайым бейбітшілік, береке мен мейірім орнасын. Әр жаңа күн Сіздерге қуаныш, шаттық және болашаққа деген сенім сыйласын, - деді Рахат Назымбекұлы.

Аудан басшысы мереке күні бірқатар қарияларды Алғыс хатпен марапаттап, жиналғандар алдында құрмет көрсетті.

Содан соң, аудандық Мәдениет үйінің көркемөнерпаздары мен би топтары өнер көрсетіп, халыққа көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

ОБЛЫСТЫҚ БАЙҚАУ

МАҒЖАНДЫҚ ЕРІКТІЛЕР – АУДАН МАҚТАНЫШЫ



Өткен аптада Петропавл қаласында өңірдің ең белсенді және бей-жай қарамайтын тұрғындарын жинаған «Мисс и Мистер Волонтер – 2025» атты жарқын және мағыналы байқау өтті.

Осы шығармашылық және әлеуметтік маңызды іс-шараға біздің ауданымыздың атынан жас ерікті, жастар ресурстық орталығының белсендісі, №2 Булаев жалпы білім беретін мектебінің 11 «А» сынып оқушысы Қарақат Даймергенова және «Северяне» қалалық ардагерлер кеңесінің бастаушы ұйымының күміс еріктісі Галина Викторова Головирина қатысты.

Біздің қатысушылар өздерінің белсенділігі, адалдығы және адамдарға көмектесуге деген шынайы ниеті арқасында байқаудың финалына шықты. Қазылар алқасы олардың еріктілер қозғалысының дамуына қосқан үлесін жоғары бағалады.

Іс-шара қорытындысы бойынша Қарақат «Ігі істер елшісі» құрметті атағына ие болды, ал Галина Викторовна «Аудан мақтанышы»

күміс ерікті» атағына лайықты деп танылды. Еріктілік - бұл басқаларға көмектесу ғана емес. Бұл мейірімділікке, жауаптылыққа және айналадағы әлемді жақсартуға деген ұмтылысқа негізделген ерекше өмір салты. Әрбір жақсы әрекет адамдардың жүрегінде жарқын із қалдырады, айналасындағыларды шабыттандырады және үлгі болады.

Біз өз еріктілерімізді шын жүректен мақтан тұтамыз және оларға белсенді азаматтық ұстанымы, өмірлік энергиясы және жақсылыққа деген адалдығы үшін алғыс айтамыз. Олардың жетістіктері - бұл бүкіл ауданның мақтанышы және көп нәрсені бірге жасауға болатындығының айқын дәлелі!

Мария ГАЛАЙДИНА,
жастар ресурстық орталығының жастармен жұмыс жөніндегі маманы.

1 ҚАЗАН - ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРТТАР КҮНІ



АНА - ӘУЛЕТТІН БЕРЕКЕСІ

Қария - әр отбасының қазынасы, елінің рухани тірегі. Қариялар күні - бізге өмір сыйлап, өсиетті ғұмыр кешкен асыл жандарға құрмет көрсетудің бір белгісі. Осындай атулы аталардың бірі - 1949 жылдың 20 тамызында дүниеге келген Құралай Жақыпқызы Қайыпбаева.

Жастайынан еңбекке араласқан ол 15 жасынан бастап ауылда сауыншы болып еңбек етті. Табиғатынан еңбеккер, қайсар жан ауыл шаруашылығында табан аудармай 30 жыл тер тоғип, ел ырысына үлес қосты. Еңбегінің арқасында 45 жасында зейнетке шығып, ауылына сыйлы, абыройлы ана атанды.

Өмірлік серігі Халел атамен 1968 жылы, небәрі 19 жасында шаңырақ көтеріп, тату-тәтті ғұмыр кешті. Екеуі 49 жыл бойы бір-біріне сүйеніш болып, өнегелі өмір сүрді. Қалел ата бақилық болғанымен, артында қалған ұрпағына тағалымды мұра қалдырды.

Ана бес бірдей баланы дүниеге әкеліп, өсіріп, тәрбиеледі. Үш ұлы мен екі қызы бүгінде елге қызмет етіп, өз отбасыларын құрып отыр. Балаларынан тараған 9 немере, 4 жиен және 3 жиеншар - ананың мейірімнің жалғасы, өмір шамшырағы.

Ол кісінің бар ғұмыры - еңбек пен мейірімге толы. Айналасына үнемі ізгілік шұағын шашып, қолынан келген көмегін аямайтын кең жүректі жан болып қалды. Балалары мен немере-шөберелері үшін ол - асыл әже, алтын қазына, әулеттің шырақшысы.

Қариялар күні - осындай ардақты жандардың еңбегін еске алып, қадірін бағалайтын айрықша мереке. Өмірін еңбек пен отбасыға арнаған ананың төзімі мен мейірімі, адалдығы - кейінгі ұрпаққа мәңгілік үлгі.

Жұлдыз КАЙОБОВА,
Құралай ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

2025 ЖЫЛДЫҢ 4-ШІ ТОҚСАНЫНДА ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

| Мемлекеттік органның атауы | Тегі, аты, әкесінің аты | Лауазымы | Қабылдау күндері және уақыты | Мем. органның орналасқан жері | Байланыс телефоны |
|---|------------------------------------|---|--|------------------------------------|-------------------|
| «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің аппараты» КММ | Смағұлов Рахат Назымбекұлы | Аудан әкімі | Сейсенбі, апта сайын, сағат 10-00-ден 13-00-ге дейін | Булаев қаласы Юбилейная көшесі, 56 | 2-14-03 |
| | Тасмағанбетов Достан Серікболатұлы | Аудан әкімінің экономика және шұғыл мәселелері жөніндегі орынбасары | Сәрсенбі, апта сайын сағат 11-00-ден 13-00-ге дейін | | 2-22-67 |
| | Қазисов Абай Серікұлы | Аудан әкімінің ауыл шаруашылығы жөніндегі орынбасары | Бейсенбі, апта сайын сағат 11-00-ден 13-00-ге дейін | | 2-21-94 |
| | Шәріпов Азамат Сайранұлы | Аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары | Сәрсенбі, апта сайын сағат 11-00-ден 13-00-ге дейін | | 2-12-42 |
| | Қожахметов Жаслан Әсетұлы | Аудан әкімі аппараты басшысының м.а. | Бейсенбі, апта сайын сағат 11-00-ден 13-00-ге дейін | | 2-14-08 |

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАН БАСШЫЛАРЫ МЕН АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМДЕРІНІҢ 2025 ЖЫЛДЫҢ 4-ШІ ТОҚСАНЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының төрағасы - Рахметова Айзада Нұрланқызы апта сайын сәрсенбі, бейсенбі күндері сағат 11:00-13:00-ге дейін қабылдау жүргізеді, мекен жайы: Булаев қ. Юбилейная к-сі, 56. Тел: 8(71531) 2-16-03.

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив істері басқармасының Солтүстік Қазақстан мемлекеттік мұрағаты» КММ Мағжан Жұмабаев ауданы филиалының директоры Әбілмәжін Төлеген Әлжанұлы дүйсенбі сағат 15:00-ден 18:00-ге дейін, сәрсенбі сағат 09:00-ден 12:00-ге дейін Булаев қаласы, Береговая көшесі, 23, 1 кабинет, 2 қабат, тел: 2-12-02.

Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы - Ысқақова Бақытжан Нұрмұқанқызы апта сайын дүйсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма күндері қабылдайды. Бөлім басшысының орынбасары Умовист Елена Анатольевна апта сайын дүйсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма күндері қабылдайды. Азаматтарды қабылдау сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін (үзіліс уақыты сағат 13:00-ден 14:30-ға дейін) мына мекен жайда жүргізіледі: Булаев қаласы, Мир көшесі, 8А үй, 1 және 16 кабинет (1 қабат), тел 2-81-46.

Мағжан Жұмабаев ауданы жер қатынастары бөлімінің басшысы - Сәрсенов Алмас Мәулітұлы апта сайын сәрсенбі күні сағат 11:00-ден 17:00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 31, тел 2-08-33, 2-04-22, 2-03-75.

Мағжан Жұмабаев ауданы құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлім басшысы - Сәдуақасов Рұслан Қасымжанұлы апта сайын жұма күні сағат 14.30-дан 18.30-ға дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 31, 2-07-77.

Мағжан Жұмабаев ауданы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы - Қыраубаев Асхат Жаңбырбайлы апта сайын

дүйсенбі күні сағат 14.30-дан 18.30-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 31, тел 2-04-94.

Мағжан Жұмабаев ауданы ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің басшысы - Құсайынов Әлібай Нұрбайұлы апта сайын бейсенбі күні сағат 14.30-дан 18.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Пионерская көшесі, 2 А үй, тел 2-00-25.

Мағжан Жұмабаев ауданы экономика және қаржы бөлімінің басшысы - Қыраубаев Азамат Жаңбырбайұлы апта сайын сәрсенбі күні сағат 10.00-ден 18.20-ге дейін, басшының орынбасары - Тищенко Наталья Юрьевна апта сайын бейсенбі күні сағат 10.00-ден 18.20-ға дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Абай Құнанбаев көшесі, 24, тел 2-19-56, 2-17-97.

Мағжан Жұмабаев ауданы дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы - Мұсатаев Қанат Мерекеұлы апта сайын сәрсенбі күні сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Абай Құнанбаев көшесі, 24, «Қаржы және экономиканың бөлімі» КММ пимараты, тел 2-12-01.

Мағжан Жұмабаев ауданы кәсіпкерлік бөлімінің басшысы - Әбілмәжін Әділжан Әсетұлы апта сайын сәрсенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 31, тел 2-07-55.

Мағжан Жұмабаев ауданы ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі басшысының м.а. - Жансүгірова Гүлжан Серікқызы әр бейсенбі күні сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 56, 2-20-90.

Мағжан Жұмабаев ауданы Булаев қаласының әкімі - Бірімжанов Азамат Тоқышұлы айдың әр аптасының сәрсенбісі, сағат 14.30-дан 15.30-ға дейін қабылдайды. Булаев қаласы әкімінің орынбасары - Исабаев Дамир Қуандықұлы айдың әр аптасының бейсенбісі, сағат 14.30-дан 18.00-ға дейін қабылдайды. Булаев қаласы, Пушкин көшесі, 14, тел 2-14-46, 2-14-07.

